

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Темперамент ерекшеліктері

Темперамент

Темперамент тұлғаның бойындағы мәнді қасиеттердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге деген қызығушылық бұдан екі жарым мың жыл бұрын туындаған. Ол ағзаның биологиялық және физиологиялық құрылысы мен дамуына, сонымен қатар әлеуметтік дамудың ерекшеліктеріне негізделген жеке-дара айырмашылықтардың болуына байланысты туындаған. Тұлғаның биологиялық құрылысына ең алдымен темпераментті жатқызамыз. Темперамент адамдар арасындағы көптеген психикалық ерекшеліктердің болуын, оның ішінде эмоция қарқындылығы мен тұрақтылығы әрекет қарқыны мен күштілігін, сонымен қатар басқа да динамикалық сипаттамаларды.

Темперамент психологиясы

Б.М.Теплов темпераментке келесідей анықтама береді: "Темперамент дегеніміз бір жағынан эмоциялық қозуға, яғни сезімнің туу шапшаңдығына, екінші жағынан олардың күшіне байланысты болатын белгілі бір адамға тән психикалық ерекшеліктердің жиынтығы" (Теплов Б.М., 1985).

Сонымен темпераменттің екі компоненті бар - белсенділік және эмоцилық. Мінез-құлық белсенділігі жігерлілік, екпінділік, шапшаңдық немесе, керісінше, баяулылық және инерттілікпен сипатталады.

Ал, эмоциялық белгі (жағымды немесе жағымсыз) және модалдылықты (қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу және т.б.) анықтай келе, эмоциялық процестердің жүруін сипаттайды.

Темперамент- белгілі бір адамға тән, сыртқы әсерлерге жауап беру реакцияларының динамикасы, бір қалыптылығында көрініс беретін мінез-құлықтың табиғи ерекшелігі, адамның биологиялық жағын көрсететін қасиеттердің бірі. Темперамент-жүйке жүйесінің табиғи типтік қасиеттеріне тәуелді, жеке адамға тән дара ерекшелік деп білеміз. Темперамент адам мінез-құлқын және психикалық процестердің өзгеруінің динамикалық ерекшеліктерін, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқтауы мен өзгеруін түсіндіретін қасиеттер жиынтығы.



Ерекше мән беріп айта кететін жайт, темперамент адам қабілеті мен дарындылығын анықтамайды. Барлық темперамент кезінде де үлкен қабілеттілікті кездестіруімізге болады.

Сонымен қоса, қай темперамент жақсы деп те сұрақ қоюға болмайды. Олардың әрқайсысының да жағымды және жағымсыз жағы бар. Тұлғаның құнды қасиеттеріне мысал келтіретін болсақ, холерик белсенді және күшті, сангвиник ширақ, еті тірі, меланхоликтің сезімдері тұрақты, флегматик байсалды.



Меланхолик



Меланхолик (грек. μέλαινα χολή — қара өт) — адамдарға тән төрт темпераменттің бірі. Меланхолик сәл нәрсеге сезімтал, тұйық, сөзге сараң, жайбасар адамға қатысты айтылады. Мұндай адам жүйке жүйесі әлсіз типке жатады. Өйткені оның қозу, тежелу жүйке процестері өте баяулығымен ерекшеленеді. Не нәрсе болса да ішінде сақтайды. Меланхоликтің де жағымды және жағымсыз жақтары болады.

Сангвиник (лат. *sanguinis* — қан) — оптимист адамды белгілеу үшін қолданылатын термин. Сангвиник типті адамның эмоциялық қозуы шапшаң, күшті болады, бірақ көп тұрақтамайды. Көңіл-күйі әп-сәтте өзгереді. Сангвиник — әсершіл адам. Ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, жеңсігінің басылуы да жылдам. Төңірегіндегі оқиғаларға, нәрсенің мән-жайына елең етіп, көңілденіп, басқа әсерге ауысып кетуі де тез. Көңілі көтеріңкі келеді. Ұзақ уақыт мұңайып жүрмейді. Бастан кешкен сезім күйлері санасында елеулі із қалдырмайды. Шапшаң да икемді, қозғалғыш та қызу, еті тірі, сергек келеді. Сезім күйлерін сыртқы қимылдары әйгілеп тұрады. Көтеріңкі, мәнерлі сөйлейді, мимика, қимылы көп. Ақжарқын, ашық келеді.

Сангвиник



Холерик




Холерик (гр. *холе* — өт) - эмоцияға берілуі шапшаң. Сезім күйлері оқыс ауытқып, құмарта көтеріліп кететін шыдамсыз, күйгелек кісі. Әп-сәтте қызып кетіп, күйіп-піседі. Ашуланса, бұрқ етіп, қызу екпіні сарқылып барып басылады, бастан кешкен сезімі санасында терең із қалдырады, қимыл-қозғалысы шапшаң. Икемсіз оқыс қылықтарына қарамастан, қызулы, жігерлі, пысық және іс-әрекет атқаруға бейімді келеді. Жұмысқа құмарта беріліп, екпінмен істеуші, анық, әсерлі, мәнерлі сөйлейді. Сезім күйлері сөзінен, мимика, пантомимикасынан білініп тұрады.

Флегматик (грек. φλέγμα, флегма, лимфа)

Флегматик темпераменті сезімнің болымсыз білінуімен сипатталады; флегматикті өзі үшін байсалды кәдуілгі күйде шығарып әкету оңайға түспейді; ол жүріс-тұрысы мен сөзінде сылбыр, оның мимикасы онша айқын емес, қимылдары сараң. Флегматик эмоциялық қозуы әлсіз болады, қызуланып желікпейді, елеуреп ашуланбақды, көңіл-күйлері байсалды, орнықты қалпында ұзақ сақталады, баяу өзгереді, жарқырап қуануы да, жабырқап қайғыруы да қиын, аз қозғалады, сылбыр, керенау қимылдайды, сезім күйлерін, дене қимылдарын білдіріп тұрмайды, мимикасы, өзге қимылдары мәнерсіз. Бірсарынды монотонды сөйлейді.

Флегматик






Темперамент туралы теорияларға қысқаша шолу

Темперамент туралы ілім өте ерте замандарда пайда болған. Темпераменттің негізін салған ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з.д.460-377ж) темпераментке алғаш түсініктеме беріп, оны негізінен жүйке жүйесінің қасиеттерімен емес, ағзада әр түрлі сұйықтықтардың (қан, шырын, сары және қара өт) біреуінің басым болуымен байланыстырған. Ағзадағы осы сұйықтықтардың бірінің басымдығы адамның темпераментін анықтайды: қан басым болса-сангвиник, шырын басым болса-флегматик, сары өт басым болса- холерик және қара өт басым болса- меланхолик айқындалады деген.

Темперамент қасиеті жеке адам қасиеттеріне тек шартты түрде бағынады және ол биологиялық, әрі туа біткен қасиет болғандықтан көбінесе индивидтік ерекшелік болып табылады. Темперамент мінезқұлық пен мінездің қалыптасуына үлкен әсер етеді, кейде адамның әрекеттері мен жеке-даралығын анықтайды, сондықтан оны жеке адамнан бөліп қарастыруға болмайды.



Ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілер адамдардың дене құрылымы және физиологиялық қызметінің ерекшеліктерімен сай келетін көп түрлі әрекет – қылықтарды тастап, ретке келтіруге ат салысты. Осыған орай темпераменттің көп түрлі типологиясы қалыптасты. Бұлардың ішінде назар саларлықтай тип – адамның дене құрылымына байланысты дараланып, тұма темперамент қасиеттеріне негізделген – конституциялық типология (**Э. Кречмер**). Бұл теорияның мәні: әр адам өз дене құрылымына орай өзіндік психикалық ерекшелікке ие.

Жоғарыда баяндалған конституциялық типология теориясының негізін қалаған- **Э. Кречмер**. Бұл теория Батыс Европада кең қолдауын тапты. Ал осы теорияны арықарай жалғастырған **У. Шелден** болды. Сонымен, әр адамның темпераменті әртүрлі, соған байланысты адамдар да әртүрлі.



Неміс философы **И. Кант** темпераментті екіге бөледі:

- 1) Сезім темпераменттері-сангвиник пен меланхолик жатса;
- 2) Іс-әрекет темпераменттері – барлық темпераменттер жатады.





Неміс анатомы **Гейне** темпераменттің түрліше болып келуі жүйке жүйесінің тонусына байланысты деген. Орыс педагогы **Лесгафт** темпераменттер қан тамырларының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деді.



Неміс психологы **В.Вундт** темпераментті екі топқа бөлген:

- 1) Эмоциясы күшті темпераменттер.
- 2) Эмоциясы әлсіз темпераменттер.